

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін кесте бойынша алатын азаматтарға арналған жаңа онлайн қызмет

enpf.kz сайтындағы салымшының/алушының Жеке кабинетіне БЖЗК-дан берілетін зейнетақы төлемдеріне қатысты жаңа қызмет енгізілді. Енді әрбір зейнетақы төлемдерін кесте бойынша алушыға жүзеге асырылған және алдағы кезеңге жоспарланатын зейнетақы төлемдерінің сомалары туралы ақпарат қолжетімді.

"Кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алушыларға арналған ақпарат" бөлімінде сіз мыналар туралы біле аласыз:

- *төлемдерге өтінішті қабылдау күні;*
- *төлем түрі: жасына байланысты төлем / мүгедектігі бойынша төлем / БЖЗК-да кемінде 5 жыл болған ерікті зейнетақы жарналарын төлеу;*
- *төлем жүзеге асырылатын зейнетақы жинақтарының түрлері: міндетті зейнетақы жарналары/ міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары/ ерікті зейнетақы жарналары;*
- *кесте бойынша төлемдер кезеңділігі: ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын;*
- *кесте бойынша жүзеге асырылған алдыңғы төлемнің күні;*
- *кесте бойынша жүзеге асырылған алдыңғы төлем сомасы;*
- *кесте бойынша алдағы жоспарланған төлемнің күні;*
- *кесте бойынша алдағы жоспарланатын төлем сомасы.*

Жеке кабинеттегі зейнетақы төлемдерінің сомасы Салық кодексінің талаптарында белгіленген салық салынғанға дейін көрсетілгенін ескеру қажет.

Әрбір алушының кесте бойынша төлем мөлшері дербес және зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты болады. Басты беттегі "**Косымша ақпарат**" қалқымағы хабарламасы бар батырманы басу арқылы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлемдерді есептеу әдістемесі туралы мәліметтер алуға болады.

Басты беттегі "Жеке зейнетақы шоттындағы (шоттарындағы) қалдықтар мен ақша қозғалысы туралы мәліметтер" атты қалқымағы хабарлама қажетті кезеңдегі барлық ЖЗШ бойынша үзінді көшірмені қалыптастыруға көмектеседі.

Төлемдер алуға өтініш болмаған немесе өтініш жабық болған жағдайда, зейнетақы төлемдерін кесте бойынша алушылар үшін ақпарат көрсетілмейді.

Зейнетақы қызметтерін цифрландыру – Қор қызметтінің маңызды бағыттарының бірі. Оны дамыту мен жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Жүзеге асырылған және алдағы кезеңге жоспарланатын зейнетақы төлемдерінің сомалары туралы ақпарат бойынша сервистің арқасында әрбір алушы зейнетақы жинақтары есебінен өз кірістерін және оларды алу кезеңін анық көре алады.

Айта кету керек, БЖЗК-дан берілетін зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап белгіленеді және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

БЖЗК 2013 жылды 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылды 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшияга (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).